

Республика Казахстан
Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ІШкі істер министрлігі

Астана қаласы Ішкі істер басқармасы

№ 4307201113AT

Мі.

Ұстаздар мерекесіне арналған ертеңгіліктер тізімі.

№	Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	«Ұлағатты Ұстаз!» тақырыбында ұйымдастырылған іс әрекет	02.10.2024 ж 9.30. – 10.00.	№1 «Күншуақ» кіші тобының тәрбиешілері
2	« Ұстаз-ұлағатты есім!» ұйымдастырылған іс әрекет	02.10.2024 ж 10.10 – 10.40	№2 «Балбобек» ортаңғы тобының тәрбиешілері
3	« Ұстаз болу-жүректің батырлығы!» ертеңгілік	03.10.2024ж 9.30. – 10.00.	№3 «Ботақан» ересек тобының тәрбиешілері

әдіскер

Handwritten signature

У.Г Нурмухамметова

Хаттама

02.10-03.10.2024 жылы күні Балбөбек жекеменшік шағын орталығында «Ұстаздар» мерекесіне арналған мерекелік іс-шара болды.

Қатысқандар:

Балабақша директоры: Мусаева С.Р

Балабақша әдіскері : У.Г Нурмухамметова

Тәрбиешілер: 6

Барлығы: 8

Күн тәртібінде:

№1 «Күн шуақ» кіші тобы тақырыбы: «Ұлағатты Ұстаз!» Мендыгулова А

№2 «Балбөбек» ортаңы тобы: «Ұстаз-ұлағатты есім!» Жақсылықова Д

№3 «Ботақан» ересек тобы: Тақырыбы: «Ұстаз болу-жүректің батырлығы!»
Қарасаева А

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі Мендыгулова А іс-әрекеті бойынша қарамай сұрақтарға жауап берді. Шағын орталығымыздың әдіскері У.Г Нурмухамметова сөз сөйледі. Балалар бүгінгі іс-әрекетке жақсы қатысты. Жақсы киінген. Балалар сұрақтарға жақсы жауап беріп тұр. Балалар балабақша жаңадан келгеніне қарамай сұрақтарға жауап берді.

№3 «Ботақан» тобы тәрбиешісі Қарасаева А: №2 «Балбөбек» ортаңы тобы: «Білім күні!» Тәрбиеші сергіту сәтін де тақырыпқа сай алған. Тек іс әрекет соңында мадақтау аз болды.

Балабақша әдіскері У.Г Нурмухамметова: №2 «Балбөбек» тобы тәрбиеші Жақсылықова сіз бүгінгі оқу іс-әрекетіңізде қобалжып тұрдыңыз. Балаларға қойылатын сұрақтарыңыз нақты ,түсінікті болу керек. Слайд арқылы жұмыс жасағанда баланы көбірек сөйлету керек. Жалпы балалар жақсы киінген. Балалардың сабаққа деген қызығушылығы жақсы. Баланы көбірек мақтап, мадақтау керек.

Күн тәртібіндегі бойынша балабақша әдіскері У.Г Нурмухамметова №2 «Балбөбек» тобы тәрбиеші Жақсылықова бүгінгі іс әрекетке құрған жоспарың жақсы. Бірақ балаларға түсіндіргенде жылдам сөйлейсің. Менің ойымша балалар сенің айтқан әңгімелеріңе түсінбей қалған сияқты. Өзінді дұрыс сөйлей білуге тәрбиелеу керек.

Шағын орталығының директоры Мусаева С: Бірінші оқу іс-әрекет бойынша балаға көрсететін материалдар түсінікті,анық болу керек.

Хаттама

02.10-03.10.2024 жылы күні Балбөбек жекеменшік шағын орталығында «Ұстаздар» мерекесіне арналған мерекелік іс-шара болды.

Қатысқандар:

Балабақша директоры: Мусаева С.Р

Балабақша әдіскері : У.Г Нурмухамметова

Тәрбиешілер: 6

Барлығы: 8

Күн тәртібінде:

№1 «Күн шуақ» кіші тобы тақырыбы: «Ұлағатты Ұстаз!» Мендыгулова А

№2 «Балбөбек» ортаңы тобы: «Ұстаз-ұлағатты есім!» Жақсылықова Д

№3 «Ботақан» ересек тобы: Тақырыбы: «Ұстаз болу-жүректің батырлығы!»

Қарасаева А

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі Мендыгулова А іс-әрекеті бойынша қарамай сұрақтарға жауап берді. Шағын орталығымыздың әдіскері У.Г Нурмухамметова сөз сөйледі. Балалар бүгінгі іс-әрекетке жақсы қатысты. Жақсы киінген. Балалар сұрақтарға жақсы жауап беріп тұр. Балалар балабақша жаңадан келгеніне қарамай сұрақтарға жауап берді.

№3 «Ботақан» тобы тәрбиешісі Қарасаева А: №2 «Балбөбек» ортаңы тобы: «Білім күні!» Тәрбиеші сергіту сәтін де тақырыпқа сай алған. Тек іс әрекет соңында мадақтау аз болды.

Балабақша әдіскері У.Г Нурмухамметова: №2 «Балбөбек» тобы тәрбиеші Жақсылықова сіз бүгінгі оқу іс-әрекетіңізде қобалжып тұрдыңыз. Балаларға қойылатын сұрақтарыңыз нақты ,түсінікті болу керек. Слайд арқылы жұмыс жасағанда баланы көбірек сөйлету керек. Жалпы балалар жақсы киінген. Балалардың сабаққа деген қызығушылығы жақсы. Баланы көбірек мақтап, мадақтау керек.

Күн тәртібіндегі бойынша балабақша әдіскері У.Г Нурмухамметова №2 «Балбөбек» тобы тәрбиеші Жақсылықова бүгінгі іс әрекетке құрған жоспарың жақсы. Бірақ балаларға түсіндіргенде жылдам сөйлейсің. Менің ойымша балалар сенің айтқан әңгімелеріңе түсінбей қалған сияқты. Өзіңді дұрыс сөйлей білуге тәрбиелеу керек.

Шағын орталығының директоры Мусаева С: Бірінші оқу іс-әрекет бойынша балаға көрсететін материалдар түсінікті,анық болу керек.

Екінші оқу іс-әрекет бойынша жоспар жақсы құрылған. Баламен байланыс аз болды. Баланы аз сөйлетті. Сұрақтың жауабын жеке жеке сұрау керек.

Үшінші іс әрекет бойынша жоспардың құрылымы жақсы. Балалар өткен мерекелерді біліп тұр. Тәрбиешінің өзін өзі ұстау жақсы. Іс әрекет өз деңгейінде өткізілді.

Шешімі:

№ 1 «Күн шуақ» кіші тобы тақырыбы: «Ұлағатты Ұстаз» өткізген тәрбиеші: Мендыгулова А іс әрекеті «Қанағаттанарлық» деп бағалансын.

№2 «Балбөбек» ортаңы тобы: «Ұстаз-ұлағатты есім!» өткізген тәрбиеші: Жақсылықова Д іс әрекеті «Қанағаттанарлық» деп бағалансын.

№3 «Ботақан» ересек тобы: Тақырыбы: «Ұстаз болу-жүректің батырлығы» өткізген тәрбиеші: Қарасаева А іс әрекеті «Қанағаттанарлық» деп бағалансын.

Төрайым
Хатшы



С.Р. Мусаева
У. Г. Нурмухамметова

«Тексерілді»
«Балбөбек» жекменшік
шағын орталығының
әдіскері  У.Г.Нурмухамметова

Тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекет
Тақырыбы: «Ұлағатты ұстаз»

Өткізген №1 «Күншуақ» кіші тобының
тәрбиеші: Мендыгулова А.А

2024-2025 оқу жылы

Ұстаздар күні мерекесіне арналған "Ұлағатты Ұстаз!" атты мерекелік Ұйымдастырылған іс - әрекетімізге қош келдіңіздер! Құрметті ұстаздар, аяулы аналар мен балалар! Ұстаздарға арналған сағатымызды бастай отырып, сіздерді төл мерекелеріңізбен құттықтаймыз! Еңбектеріңізге мол табыс, отбасыларыңызға бақыт тілейміз.

Мектептің тірегі, әрі жүрегі - ұстаз. "Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға", - деп Абай атамыз айтқандай

"Ұстаз" сөзі ұлағатты есім, шәкірттерге білім беруде ұстаздардың еңбегі ұшан-теңіз. Алдымызда отырған балалардың бір-бір кірпіш болып қалануы, осы ұстаздардың арқасы. Сіздердің шәкірт тәрбиелеп, білім беру жолындағы еңбектеріңіз жана берсін!

Ұстаз деген жарық күні ғаламның,

Ұстаз деген анасы ол адамның.

Бүкіл адам мойындайды еңбегін,

Сен де одан адам болып жаралдың!

Біздің балапандарымыздың дайындап жаттап келген мақал-мәтелдері бар екен, қошеметтеп ортаға шақырайық.

Мадияр: Баланың бас ұстазы — ата-ана.

Нұртөре: Шәкіртсіз ұстаз – тұл.

Арайлы: Ұққаның жақсы болса —

Жақының көбейеді.

Ұстазың жақсы болса —

Ақылың көбейеді.

Айкөркем: Ұстаз талантты болса,
Шәкірті талапты болады.

Балалар қараңдаршы бізге хат келіпті. (Кімнен келгенін көрейікші).
Қоян бізден көмек сұрап жазыпты сәбіздерін таба алмай жатыр екен. Балалар қоянға көмектесейік ия, олай болса біз қоянға сәбіздерін тауып берейікші.

Балалармен бірге тәрбиеші сәбіздерді іздеп табады. Себетке салып береді.

Қоян: Рахмет балалар! Мен сондай қуанып қалдым. Қандай ақылдысындар.

Тәрбиеші: Қанеки балалар бойымызды сергітіп алайық. (Қимыл қозғалыс арқылы тәрбиешімен бірге қайталап жасайды)

Ұзын құлақ сұр қоян
Естіп қалып, сыбырды
Ойлы қырлы жерлермен
Ытқып-ытқып жүгірді.
Қарап еді артына
Қиығын салып көзінің
Келе жатқан тоңпаңдап,
Көжегі екен өзінің.

Тәрбиеші: Хан бол мейлі, қара бол,
Дарын бол мейлі, дара бол.
Өтетін бәрі алдынан,
Ұстаздар бейне сара жол.

Құрметті ұстаздар, балалар, ата-аналар! Ұстаздар күніне арналған
"Ұстаз аты биік, әрі мәңгілік!" атты мерекелік жиынымызды аяқтаймыз.

Бүгінгі күн құшақтары гүлге толсын,
Дендеріңнің саулығы мықты болсын!
Білімімен суарған шәкірттерін
Төл мерекенің ұстаздар, құтты болсын!
Көңіл қойып тыңдағандарыңызға көп-көп рахмет!

«Бекітемін»

«Балбөбек» жекеменшік

шағын орталығының

әдіскері  У.Г.Нурмухамметова

«Ұстаздарға мың алғыс»

Жүргізген: №2«Балбөбек»

ортаңғы тобының тәрбиешісі

Егізбаева Д.Ө

Жақсылықова Д.С

Тақырыбы: «Ұстаздарға мың алғыс»

Мақсаты:

1. 1 Ұстаздар күніне арнаған мерекені насихаттау

1. 2 Өз ойларын жеткізе білуге баулу, тақпақ, өлеңдерді мәнерлеп оқыту арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Көрнекілік: шарлар, жалаушалар, суреттер.

«Мектеп - білім тірегі, ұстаз - оның жүрегі»

Алдын ала орындалатын жұмыс: Ашық хаттар дайындау.

Әнұран ойнатылады.

Жылулық шеңбері: Балалар шеңберге тұрып
Қайырлы таң алтын күн, Қайырлы таң жер ана
Қайырлы таң достарым, Сендерді көрсем қуанам!
Қуанамын менде, қуанасың сенде,
Қуанайық достарым, арайлап атқан күнге.
Бүгінгі күніміз сәтті өтсін! - деп
жылулық шеңберін жасайды.
Топтан ортаға жарып шығып

Ән Топ Топ Балақан

Жүргізуші: Кел, балалар,
Ән салайық
Ұлағатты Ұстаздар күнін
Қуанышпан қарсы алайық

Жүргізуші: Балалардың бақшасында бүгін той,
Ұстаздардың күні бүгін біліп қой.

Жүргізуші: , міне бүгін «Балбөбек» шағын орталығының «Балбөбек» ортаңғы тобында Ұстаздар күніне арнаған құттықтау ертеңгілігімізді бастайық.

Ұстаздарға төл мерекелеріңіз құтты болсын, көңілдеріңіз ашық аспан сияқты таза болсын, Бүгінгі ел басқарған азаматтар, білім алған сіздердің арқаңызда.

Балалардың тақпақтарына кезек берейік

Райс: Мұғалім біздің анамыз

Анамызды сыйлаймыз

Айтқан ақыл білімін
Ықыласпен тыңдаймыз

Айсана: Ұстазым менің ұстазым
Алғысым шексіз өзіне
Тілеймін саулық деніңе
Аяулы менің ұстазым!

Аяулым: Біз бақшаға келеміз
Біз бақытты баламыз
Тәрбиеші апайдың
Айтқан тілін аламыз!

Жүргізуші: балалар өнерлеріңе тәнтіміз. Осы ұстаз деген - кімдерге сабак берген. Әншіге де, жыршыға да, жүгізушіге де, президентке де, бишіге де сабак берген. Әрбір маман иесі осы Ұлы ұстаздың алдынан өткен. Қане тағы қандай өнерлерің бар.
Би Мы маленькие звезды

Айзере: Ұстазым менің аяулым
Құтты болсын мерекең
Мерекеде шаттана
Артта берсін берекең\

Жүргізуші: Ардақты мұғалім,
Білімнің – бұлағым.
Таусылмас сен жайлы,
Тасқынды жыр әнім.

Қанатым талмайды,
Қиялым самғайды.
Ақын да, ғалым да,
Ұстазсыз болмайды дей келе сөз кезегін ұстаздарға берейік

Жүргізуші Аяулы Ұстаздар! Төл Мерекеңіз тағы да құтты болсын! Білім беру жолындағы еңбектеріңіз еленіп, абырой биігінен көріне беріңіздер деген ізгі

тілекпен бүгінгі мерекелік ертеңгілігімізді аяқтаймыз!



«Тексерілді»
«Балбөбек» жекеменшік
шағын орталығының
әдіскері _Нурмухамметова.У. 
15.09.2024ж.

Ертеңгілік.
Тақырыбы : «Ұстаз – ұлы тұлға!»

Өткізген №3 «Ботақан»
ересек тобының тәрбиешісі
Карасаева А.

2024 – 2025 оқу жылы

Ұстаз-ұлы тұлға!

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, ұстаздар және балалар! Сіздерді қазан айында аталып өтетін мұғалімдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Бүгін «Ұстаз-ұлы тұлға» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер.

Құйылады жыр ағын,
Көптен дара тараған.
Құтты болсын мерекең,
Заңғар тұлға мұғалім.

Ендеше құттықтау сөзді біздің «Балбөбек» балабақшамыздың меңгерушісі Сабира Рысқұлбекқызына береміз.

Жүргізуші: «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға»-деп, Абай атамыз айтқандай келесі кезекті балаларымыздың ұстаздарға арналған тақпақтарын тыңдаңыздар.

Қасым: Ұстаз бізді білім беріп өсірген,
Қатемізді әрқашанда кешірген.
Өмір жолы қиын жол деп әрқашан,
Тәрбиелеп, ақылды қылып өсірген.

Айнамақоз: Ұстаз деген қасиетті киелі,
Оны барлық адамдар да біледі.
Айтып қана қоймайықшы сыйлайық,
Ата-анадай юолған жанды құрметтеп.

Алинур: Ұстаз болу-жүректің батырлығы,
Ұстаз болу-сезімнің ақындығы.
Ұстаз болу-мінездің күн шуағы,
Азбайтұғын адамның ақындығы.

Жүргізуші: Құлақтан кіріп бойды алар,
Әсем ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең менше сүй-деп келесі кезекті әнге берейік

Ән: «Ұстаз-Ана»

Ойын: «Қыздарға гүл сыйлау»

Ойын шарты: Орындықта 2 букет гүл тұрады. Әуен тоқтағанда букеттегі гүлді қыздарға жылдам беру.

Жүргізуші: Мерекемізді тақпақтармен жалғастырайық.

Абдумалик: Ардақты мұғалім,
Білімнің бұлағым.
Таусылмас сен жайлы,
Тасқында жыр әнім.

Ұлдарымыздың орындауында «Қара жорға» биі

Каусар: Қанатым талмайды,

Қиялым самғайды.

Акын да, ғылым да,

Ұстазсыз болмайды.

Аяла: Мереке күніңмен,

Құттықтап бүгін мен.

Ойыма ой қосам,

Сен берге сеніммен.

Ұлттық ойын: Арқан тартыс»

Мақсаты: Балалардың бойына ұлттық қасиеттерді сіңіру.

Жүргізуші: Үйретіп өмір ұстамын,

Үлгілі іске нұсқадың.

Ақ көңіл іскер қашанда,

Ақылшым менің ұстазым-деп ары қарай тақпақтармен

жалғастырайық.

Алижан: Болды кезім мақтаған,

Болды кезім ұқпаған.

Болды кезім ұстаздың,

Ойынан дәл шықпаған.

Айзада: Ұстаз ана-болашақтың анасы,

Ұстаз ана-ақыл-білім санасы.

Жүзіндегі пәк мейірімді көргенде,

Әр шәкірттің оянады санасы.

Ботакөз: Ұстаз болған керемет,

Ақылы ойы керемет.

Жақсы адам ол ұстаз,

Алға шығады бәріңнен.

Қыздарымыздың орындауында би

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, ұстаздар бүгінгі біздің балаларымыздың сіздерге арнап жасалған құттықтау бейнетаспасын тамашалаңыздар.

(Бейне таспа көрсетіледі)

Жүргізуші: Ары қарай мерекемізді тақпақтармен жалғастырамыз.

Зере Кім көрмейтін сізді асыл ұстазым,

Сізге ұқсап кудық біз сан арман.

Омар Сіздей адам дүниеде көп болсын,

Балалардың бақыты үшін жаралған.

Жүргізуші: Мектептің басты тұлғасы, жүрегі-мұғалім. Егемен еліміздің ертеңін ойлар, білімді де, саналы, Отанын, туган жерін, ұлтын сүйетін, ұлтжанды, парасатты азаматтар тәрбиелеуде мұғалімнің еңбегі орасан зор

екенін баршамыз мойындаймыз. Ертеңгілігімізді «Ұстазым» әнімен
аяқтаймыз. Қош сау болыңыздар!
Ән: «Ұстазым»

